



Нұр-Сұлтан қаласы

Нұр-Сұлтан қаласы

2020 жылғы «18» қараша
№ 258

2020 жылғы «18» қараша
№ 227

**Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен ірі кәсіпкерлік субъектілері
қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы**

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 19 наурыздағы № 39 қаулысымен бекітілген Кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама) сәйкес ірі кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу мақсаттары үшін **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Төтенше жағдай кезінде зардап шеккен ірі кәсіпкерлік субъектілері қызмет түрлерінің мынадай тізбесі бекітілсін:

№	ЭҚЖС	Қызмет түрлері
1	2	3
1.	10.51	Консервіленген сүттен басқа сүтті өңдеу және сырды өндіру
2.	10.81	Қант өндіру
3.	11.07	Минералды сулар және басқа да алкогольсіз сусындар өндіріу
4.	13	Тоқыма бұйымдарының өндірісі
5.	14.12	Арнайы киімді өндіру
6.	14.13	Өзге де сырт киімді өндіру
7.	17	Қағаз және қағаз өнімдерінің өндірісі
8.	18.12	Баспа өндірісінің өзге де түрлері
9.	20.13	Басқа негізгі бейорганикалық химиялық заттарды өндіру
10.	20.2	Пестицидтер мен басқа да агрохимиялық өнімдер өндірісі
11.	22.22	Тауарларға арналған пластмасса қаптамалар өндіру
12.	22.23.1	Пластиктен құрылыс материалдарын өндіру
13.	23.51	Клинкерлерді қоса алғанда, цемент өндіру
14.	23.61.1	Жиналатын темірбетон және бетон конструкциялары мен бұйымдарын өндіру
15.	23.61.2	Қабырға блоктарын өндіру

16.	23.63	Пайдалану үшін дайын бетон өндіру
17.	24.33	Салқындатып қалыптау немесе бүктеу
18.	25.11.1	Құрылыстық болат конструкциялар өндірісі
19.	27.1	Электр таратушы және реттеуші аппаратура өндіру (жөндеусіз)
20.	27.32	Электр сымы мен кабельдің өзге де түрлерін өндіру
21.	28.30.2	Ауыл шаруашылығы машиналарын шығару
22.	28.92.1	Тау-кен шахтасы және тау-кен жабдықтарын өндіру
23.	28.99.1	Мұнай өнекәсібі және бұрғылау геологиялық барлау жабдықтарын өндіру
24.	28.99.2	Мұнай мен газды қайта өңдеу жабдықтарын өндіру
25.	30.20	Темір жол локомотивтерін және жылжымалы құрамды жасау (жөндеусіз)
26.	33.12.1	Механикалық жабдықты жөндеу және техникалық қызмет көрсету
27.	33.12.5	Арнайы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
28.	33.14.1	Электромоторлар, генераторларды және трансформаторларды жөндеу және техникалық қызмет көрсету
29.	33.17.1	Темір жолдардың жылжымалы құрамын жөндеу
30.	47	Автомобильдер мен мотоциклдер саудасынан басқа, бөлшек сауда (дәріханаларды және азық-түлік өнімдерін, сусындар мен темекі бұйымдарын бөлшек саудада сатуды қоспағанда)
31.	49.1	Қалааралық қатынастағы жолаушылар темір жол көлігінің қызметі
32.	49.39	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігінің қызметі
33.	49.4	Жүк автомобиль көлігінің қызметі және көшу бойынша қызметтер ұсыну
34.	51.10	Әуе жолаушылар көлігінің қызметі
35.	52.21.1	Темір жолдарды пайдалану
36.	55.10	Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызметтерін ұсыну
37.	56.10	Мейрамханалар қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу жөніндегі қызметтерді ұсыну
38.	68.20	Меншікті немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару (дәріханаларды және азық-түлік өнімдерін, сусындар мен темекі бұйымдарын бөлшек саудада сатуды қоспағанда, сауда желілері мен стационарлық сауда объектілері, меншікті жылжымайтын

		мүлікті жалға беру және басқару, коммерциялық ұй-жайларды (сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда объектілері) жалға беру
39.	85.30	Орта білім беру (халықаралық мектептерді қоспағанда, жеке мектептер)
40.	86.10	Аурухана ұйымдарының қызметі (жеке ұйымдар)
41.	86.10.3	Санаторийлік-курорттық ұйымдардың қызметі
42.	96.01	Тоқыма және үлбір бұйымдарын жуу және химиялық тазалау

2. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті (А.Қ. Артықбеков) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті (Ә.Б. Уәлиева) осы бірлескен бұйрық қабылданғаннан кейін жеті жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурстарында орналастырсын.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті (А.Қ. Артықбеков) осы бірлескен бұйрық күшіне енген күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамына және Бағдарламаға қатысушылар болып табылатын екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.А. Біртановқа және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі М.Б. Юсуповқа жүктелсін.

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің
Төрағасы**

_____ **Е. Досаев**

**Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
министрі**

_____ **Р. Дәленов**